

**Түркістан облысы ДСБ**  
**«Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК**  
**жалпы жиналысының**  
**№27 ХАТТАМАСЫ**

**16.08.2024 жыл**  
**сағ. 9-00**

**Шымкент қ.**

Қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – басшының у.м.а. А.С.Шегай

Жиналыс хатшысы – статистик Н.Ботабаев

Қатысқандар: аурухана қызметкерлері

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдерді жою және берілген ұсыныстарды орындау

**Төрағалық етуші басшының у.м.а. А.Шегай** жиналысты ашық деп жариялап, отырыстың басты мақсаты облыстық офтальмологиялық ауруханасы қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау мүмкіндігін толығымен шектейтін, ең алдымен сыбайлас жемқорлықтың туындауының алғышарттары мен мүмкіндіктерін жою арқылы жұмысты жолға қоюды айтты. Біз бәріміз, әсіресе бөлімшелерді басқаратын қызметкерлер, қызметкерлердің мониторингіне және сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін фактілерді бақылауға, оның ішінде бұзушылықтарға жол берген қызметкерлерге ерекше назар аударуымыз керек. Ең алдымен, жұмысында сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары қызметкерлерді ерекше бақылау қажет дей келе комплаенс офицері **Ж.Мусабековаға** сөз берді.

**Ж.Мусабекова** өз сөзінде Облыстық офтальмологиялық ауруханасында Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ны басшысының 2024 жылғы 11 сәуірдегі «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 96-н/қ бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілгенін және талдау жұмыстарының барысында адами ресурстарды басқару бойынша тәуекелдердің келесідей анықталғанын айтып берді.

Кәсіпорында бұйрықтар мен өзгеде нормативтік құқықтық актілерді түзуде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптары сақталмағандығы анықталды.

1) Маусымдық жұмысқа қабылдау барысында мекеме бұйрықтары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарына сай рәсімделмеген;

2) Жұмыскерлермен еңбек шартын бұзу жұмыс берушінің бастамасы бойынша көрсетілген заңға сілтеме дұрыс емес;

3) Мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану кезінде заңнама талаптары сақталмаған;

4) Мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған.

Адами ресурстарды басқару бөлімінің бастығы А.Ташеноваға Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарының сақталуы қатаң бақылауға алынып, ішкі талдау нәтижесінде анықталғандай тәуекелдердің алдағы уақытта қайталанбау тапсырылды. Сонымен қатар, қызметкерлермен тікелей байланысты жұмыстарды, оның ішінде жұмысқа қабылдау/жұмыстан босату, ынталандыру мен басқа төлемдер беру және басқа да мәселелерді қатаң бақылау қажет.

Ауруханадағы сатып алуды ұйымдастыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 1-тармағы 41 бабына сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуді, сондай-ақ келушілермен тікелей байланысқа жауапты қызметкерлердің, шағымдарды/арыздарды/өтініштерді тікелей қабылдайтын және оларға жауап беретін лауазымдарда жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмысын қатаң бақылау қажеттігін атап өткен жөн.

Мәжіліс соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты бірқатар сұрақтар төңірегінде талқылаулар жүргізілді, сұрақтар қойылды, ұсыныстар жасалды.

#### **Күн тәртібіндегі мәселені талқылап, жиналыс ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Адами ресурстарды басқару бөлімінің бастығы А.Ташеноваға Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарының сақталуын қатаң бақылауға алып, ішкі талдау нәтижесінде анықталғандай тәуекелдердің алдағы уақытта қайталанбауы тапсырылсын.

2. Қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруі, азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрінен бас тартуына табандылық таныту мақсатында, қызметкерлер мен ауруханаға келушілер, емделушілер арасында түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырылсын. Орындалуы заңгер Ж.Мусабековаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы А.Шегай жиналысты қорытындылады.

**Жиналыс төрағасы**

**А.Шегай**

**Хатшы**

**Н.Ботабаев**

